

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жіктеу ережесі мен шарттарын және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1809 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 655 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

Ескерту. Тақырыбы мен кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.22. N 849 қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жіктеу ережесі; <*>
- 2) Қазақстан Республикасының республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.22. N 849 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп бір ай мерзімде мемлекеттік меншіктегі және республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне кірмеген, соның ішінде қалаларға кіреберіс жолдарды және қалалардың шекараларынан өтетін жолдарды, сондай-ақ мемлекеттік меншік болып табылатын олардағы құрылыстарды коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

- 1) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген объектілерді коммуналдық меншікке қабылдауды және олардың пайдаланылып ұсталуын қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген объектілерді қабылдауды аяқтағаннан кейін бір ай мерзімде жергілікті маңыздағы жалпы пайдаланымдағы

автомобиль жолдарының тізбелерін бекітуді және олардың көшірмелерін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1414 қаулысымен.

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жол қоры туралы" заң күші бар Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы N 221 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж. , N 9, 63-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1809 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жіктеу ережесі мен шарттары

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.22. N 849 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жіктеу ережесі мен шарттары "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Жіктеу тәртібі және шарттары

2. Жалпы пайдаланымдағы республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін жіктеу жолдың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.02 № 761 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 23.07.2013 № 735 қаулыларымен.

3. Халықаралық не республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолы пайдалануға қабылданғаннан кейін отыз күн ішінде автомобиль жолдары жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган (бұдан әрі - мемлекеттік уәкілетті орган) автомобиль жолын жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді.

4. Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік уәкілетті органға жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізуді келісуге материалдар жіберуге міндетті.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Мемлекеттік уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды. Автомобиль жолын кейіннен жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқару органына жазбаша келісім жіберіледі.

Автомобиль жолын жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

5. Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс.

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар
т о п т а р ы н а н т ұ р а д ы .

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис арқылы беріледі.

6. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін халықаралық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолына атау мен индексті беру халықаралық келісімдермен белгіленеді.

7. Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолы индексінің әрпі автомобиль жолының сыныбына сәйкес келеді және мыналармен а й қ ы н д а л а д ы :

"М" - шақырым есебі, шектес мемлекеттің аумағынан басталатын аса маңызды мемлекетаралық көлік байланысын қамтамасыз ететін автомобиль ж о л д а р ы ү ш і н ;

"А" - Қазақстан Республикасының ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтарының, сондай-ақ қорғаныстық маңызы бар жолдарды қоса алғанда, көршілес мемлекеттердің арасындағы көліктік қатынасты қамтамасыз ететін а в т о м о б и л ь ж о л д а р ы ү ш і н ;

"Р" - қалғандары үшін;

8. Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі "К"-мен белгіленеді.

Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді:

"К" әрпінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі

р/с N	Қазақстан Республикасы облыстарының атаулары	Индекстегі әріптің атауы
----------	---	-----------------------------

1	2	3
---	---	---

1 .	А қ м о л а	С
2 .	А қ т ө б е	D
3 .	А л м а т ы	B
4 .	А т ы р а у	E
5 .	Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н	F
6 .	Ж а м б ы л	H
7 .	Б а т ы с Қ а з а қ с т а н	L
8 .	Қ а р а ғ а н д ы	M
9 .	Қ ы з ы л о р д а	N

10.	Қостанай	P
11.	Маңғыстау	R
12.	Павлодар	S
13.	Солтүстік Қазақстан	T
14.	Оңтүстік Қазақстан	X

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.

2000 жылғы 5 желтоқсандағы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
N 1809 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағындағы республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.27 N 138, 2004.05.14 N 541, 2004.09.06 N 935, 2005.07.01 N 683, 2005.11.03 N 1095, 2006.01.06 N 3, 2009.02.05 N 110 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2009.08.06 N 1192, 2011.02.04 N 75 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.03.2013 N 251 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.07.2013 N 737 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Жолдың	Жолдардың атауы	Ұзақтығы, км
1	н ө м і р і	3
М-32	РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары	2029
арқылы		
М-36	РФ шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы, Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары	2032
арқылы		

М-38	РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу), Павлодар, Семей қалалары арқылы	1100,6
М-51	РФ шекарасы (Челябинскіге) - РФ шекарасы (Новосибирскіге), Петропавл, Омбы қалалары арқылы	175
А-1	Астана - Петропавл, Көкшетау қаласы арқылы	433,3
А-2	Өзб.Р шек (Ташкентке)-Шымкент-Тараз-Алматы-Қорғас, Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Қырғызстан шекарасына кіреберіспен	1197
А-3	Алматы - Өскемен	1030
А-4	Алматы-Шамалған-Ұзынағаш-Прудки-Талап-Қырғызстанның шекарасы (Жамбыл ескерткішіне кіреберіспен)	132
А-5	Ақсай-Шонжы-Көлжат-ЛХР шекарасы	160
А-6	Көкпек-Кеген-Қырғызстан шекарасы (Түп)	115
А7	Үшарал-Достық	184
А-8	Таскескен-Бақты (ҚХР шек.)	187
А-9	Өскемен-Лениногорск-РФ шек.	167
А-10	Өскемен-Шемонаиха-РФ шек.	120
А-11	Семей-РФ шек. (Барнаулға)	111
А-12	Петропавл-Соколовка-РФ шек. (Есіл қаласына)	62
А-13	Көкшетау-Кішкенекөл-Бидайық - РФ шек. (Омбы қаласына)	278
А-14	Тараз-Утмек-Қырғызстанның шек.	14
А-15	"Жизақ-Гагарин-Жетісай-Киров-Қызыләскер-Сарыағаш-Абай-Жібек жолы" Атакент ауылына кіреберіспен Өзб.Респ-ң шек. (Сырдарья, Гүлстан және Чиназ) және Сарыағаш санаториіне	221
А-16	Жезқазған-Петропавл, Арқалық қаласы арқылы	940
А-17	Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шек.	1509
А-18	Павлодар-Шербакты-РФ шек.	112
А-19	Қашыр-Михайловка-РФ шек.	108
А-20	Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Бұғаз	921

A-21	Мамлютка-Қостанай	398	
A-22	Қарабұтақ-Комсомольское-Денисовка-Рудный-Қостанай		543
A-23	Денисовка-Жітіқара-Мықтыкөл-РФ. шек.	142	
A-24	Ақтөбе-Мәртөк-РФ шек. (Орынбор қаласына)		94,7
A-25	Ақтөбе-РФ шек.(Орск қаласына)	127	
A-26	Қандыағаш-Ембі-Шалқар-Ырғыз	401	
A-27	Ақтөбе-Атырау-РФ шек. (Астрахань қаласына)		871
A-28	Орал-Атырау	487	
A-29	Орал-Каменка-РФ шек. (Озинки қаласына)		100
A-30	Подстепное-Федоровка-РФ шек.	144	
A-31	Чапаев-Жалпақтал-Казталовка-РФ шек.	213	
A-32	Орал-Теплое-РФ шек.	28	
A-33	Доссор-Құлсары-Бейнеу-Сай-Өтес-Шетпе-Жетібай-Ақтау порты		798
A-34	Жетібай-Жаңа өзен-Фетисово-Түркменстан Респ. шек. (Түркменбашы қаласына)		237
A-35	Ақтау - Құрық	59	
A-36	Құрық - Жетібай	64	
P-1	Бейнеу-Ақжігіт-Өзб.Респ.шек.(Нөкіс қаласына)		84
P-2	Астана-Қорғалжын, Қорғалжын қорығына кіреберіспен		143
P-3	Астана-Рождественка-Энтузиаст-Киевка-Теміртау		250
P-4	Астана-Ерейментау-Шідерті	243	
P-6	Макин-Степногорск-Торғай	235	
P-7	Бурабай курорт аймағының жолдары	66	
P-8	Шучинск-Зеренді	80	
P-9	Вячеслав су қоймасына кіреберіс	17	
P-10	Астана қаласына айналма жол	52,7	
P-11	Көкшетау-Рузаевка	196	
P-12	Көкшетау-Атбасар	184	
P-13	Жасы-Есіл-Бузулук	82	
P-14	Көкшетау қаласына айналма жол	18	
P-15	Кеген-Нарынқол	89	

P-16	Көкпек-Кеген-Түп-Жалаңаш-Саты- Құрметті, Көлсай көліне кіреберіспен		89
P-17	Алматы-Талғар-Евгеньевка	71	
P-18	Қапшағай-Күрті	67	
P-19	"Алматы-Көктал-Байсерке- Междуреченское" а/ж - "Екатеринбург- Алматы" а/ж		52
P-20	Сарыөзек-Көктал	192	
P-21	Алма-Тау турбазасына кіреберіс	15	
P-22	Алматы-Космостанция, Алматы және Алма-Арасан санаторийлеріне кіреберіспен	45	
P-23	Семей-Қайнар	276	
P-24	Өскемен-Семей	195	
P-25	Өскемен-Зыряновск-Большенарымское- Катон қарағай-Рахманов бұлақтары		446
P-26	"Омбы-Майқапшағай" а/ж - Қалжыр-Теректі	124	
P-27	Қалқаман-Баянаул-Үміткер-Ульяновский	324	
P-28	Қарасай батырдың ескерткіш кешеніне кіреберіс	24	
P-29	Мерке-Бурылбайтал	273	
P-30	Шу-Благовещенка	56	
P-31	Кентау-Түркістан-Арыстанбаб-Шәуілдір- Төрткөл		145
P-32	Түркістан қаласына айналма жол	13	
P-33	Қызылорда-Жалағаш-"Самара-Шымкент" а/ж	91	
P-34	Қызылорда-Павлодар" а/ж - Жәйрем- Қаражал-Атасу	144	
P-35	Ақшатау-Ағадыр-Ортау-"Қызылорда- Павлодар" а/ж		195
P-36	Қостанай-Әулікөл-Сурган	257	
P-37	Бастау-Ақтау-Теміртау	53	
P-38	"Қостанай-Жақсы" а/ж - "Қостанай- Қарабұтақ" а/ж		6
P-39	"Қостанай-Қарабұтақ" а/ж-"Екатеринбург- Алматы" а/ж		21
P-41	Орал аласына айналма жол	19	
P-42	Қабанбай батырдың ескерткіш кешеніне кіреберіс		4
P-43	Рудный қаласының Батыс айналма жолы	6,9	

Р-44	Казталов - Жәнібек - Ресей Федерациясының шекарасы	162
Р-45	Ленинск - Ақсу - Көктөбе - Үлкен Ақжар - Курчатов қаласы	227
Р-46	Шучье-Бурабай курорттық аймағының ойын-сауық орталығына кіреберіс	8,9
Р-47	Қырғызстан шекарасына (Қарасу) кіреберіс	10,6
Р-48	«Алатау ақпараттық технологиялар паркі» еркін экономикалық аймағына кіреберіс	9,95

Ж и ы н ы

2 3 4 7 7 , 6 5
